

**2012 жылға Түпқараған ауданы бойынша жұмыссыздарға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын шаруашылық субъектілерінің тізбесін бекіту туралы**

Түпқараған аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 05 қаңтардағы № 1 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 26 қаңтарда № 11-6-146 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 « Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 31 бабы 1 тармағының 13 тармақшасына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 « Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабы 5 тармағына сәйкес, аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қосымшаға сәйкес, 2012 жылға Түпқараған ауданы бойынша жұмыссыздарға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын шаруашылық субъектілерінің тізбесі б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулының қосымшасында көрсетілген мекеме басшыларына және поселке, село әкімдіктеріне қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Жұмыссыздарды қоғамдық жұмысқа уақытында жолдау « Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі » мемлекеттік мекемесіне ( О.Б.Жарылғапова ) тапсырылсын.

4. « Аудандық экономика және қаржы бөлімі » мемлекеттік мекемесіне ( А.К.Ермекова ) қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру тапсырылсын.

5. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.А.Алтынғалиевке жүктелсін.

6. Қаулы Маңғыстау облыстық әділет Департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен бастап күшіне және ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С.У.Трумов*

**К Е Л І С І Л Д І :**

«Түпқараған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы  
Жарылғапова Оразгул Бекиевна

05 қаңтар 2012 жыл

«Түпқараған аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығының міндетін атқарушы

05 қаңтар 2012 жыл

Түпқараған

ауданы

әкімдігінің

05

қаңтар

2012

жылғы

№

1

қаулысына

КОСЫМША

**2012 жылға Түпқараған ауданы бойынша жұмыссыздарға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын шаруашылық субъектілерінің тізбесі**

№	Шаруашылық субъектілерінің атаулары	Қоғамдық жұмыс түрлері	Бір жұмыссызға жұмыс көлемі	жұмыс мерзімі	еңбекақы мөлшері (ең төменгі жалақы мөлшері)	Қаржыландыру көзі
1	«Түпқараған ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Маманның көмекші-сі	Айына 150-ге дейін құжаттарды жинақтау және тіркеу, істерді мұрағатқа тапсыру	3 айдан 6 айға дейін	1,5	Жергілікті бюджет
2	«Баутин поселкесі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	Маманның көмекшісі	Айына 100-ге дейін құжаттарды жинақтау және тіркеу, істерді мұрағатқа тапсыру	3 айдан 6 айға дейін	1,5	Жергілікті бюджет
3	«Ақшұқыр село әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Маманның көмекшісі	Айына 100-ге дейін құжаттарды жинақтау және тіркеу, істерді мұрағатқа тапсыру	3 айдан 6 айға дейін	1,5	Жергілікті бюджет
4	«Таушық селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Маманның көмекші-сі	Айына 100-ге дейін құжаттарды жинақтау және тіркеу, істерді мұрағатқа тапсыру	3 айдан 6 айға дейін	1,5	Жергілікті бюджет
5	«Қызыл-Өзен село әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Маманның көмекші-сі	Айына 100-ге дейін құжаттарды жинақтау және тіркеу, істерді мұрағатқа тапсыру	3 айдан 6 айға дейін	1,5	Жергілікті бюджет
6	«Түпқараған ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Маманның көмекші-сі	Айына 50-ге дейін шақырту қағазын тарату	3 айдан 6 айға дейін	1,5	Жергілікті бюджет
7	«Түпқараған аудандық кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Маманның көмекші-сі	Айына 500-ге дейін хабарлама тарату	3 айдан 6 айға дейін	1,5	Жергілікті бюджет

8	«Сайын Шапағатов селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Маманның көмекшісі	Айына 100-ге дейін құжаттарды жинақтау және тіркеу, істерді мұрағатқа тапсыру	3 айдан 6 айға дейін	1.5	Жергілікті бюджет
9	«Түпқараған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Маманның көмекшісі	Айына 100-ге дейін құжаттарды жинақтау және тіркеу, істерді мұрағатқа тапсыру	3 айдан 6 айға дейін	1.5	Жергілікті бюджет

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК